

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен сондай жағдайларда халықты және мамандарды іс-қимыл жасауға үйрету жүйесін құру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 30 қыркүйек 1993 ж. N 969. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Табиғи және техногендік апаттардың алдын алу мен республика халқына одан келетін нұқсанды кеміту, Қазақстан Республикасы Президентінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 8 маусымдағы N 1218 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне, Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, бірлестіктердің, концерндердің, қауымдастықтардың, компаниялардың, кооперативтердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың және ведомстволық бағынысына қарамастан басқа түрлі меншік нысандарындағы өндірістік-ұйымдық құрылымдардың бірінші басшыларына халықты, жұмысшылар мен қызметшілерді, оқушы жастарды төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға үйрету үшін жеке жауапкершілік жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, өз оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар, Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен бірлесе отырып:

1993-1994 жылдар ішінде халықты, барлық деңгейдегі басшыларды төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға үйрету жөніндегі қазіргі оқу бағдарламалары мен әдістемені, оқу құралдарын қайта қарап, оларға жергілікті жағдайды және осы заманғы талаптарды ескере отырып толықтырулар мен өзгерістер енгізісін, оқу-материалдық базаны жетілдірсін;

1993-1995 жылдар ішінде бейне-компьютерлік құралдар мен автоматтандырылған оқыту жүйесін пайдалану жөніндегі әдістемені және бағдарламамен қамтамасыз етуді әзірлеп, енгізетін болсын;

1993-1995 жылдар ішінде жоғары оқу орындарында республиканың шаруашылық кешеніне төтенше жағдайлардың алдын алу және сондай жағдайларда іс-қимыл жасау мен азаматтық қорғанысқа дайындау жөніндегі мамандар, ал гуманитарлық оқу орындарында "Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері"

бойынша оқытушылар даярлауды енгізсін;

1993-1994 жылдар ішінде ведомстволық бағынысына қарамастан жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің барлық түрлерінде, кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта оқу орындарында, мектепке дейінгі мекемелерде және Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық салааралық институтта оқу жоспарында сағат саны жіктелген "Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы енгізіп, осы пәнді оқытуға бөлінген сағат санын азайтуға жол бермесін.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы, Ішкі істер министрлігі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктермен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып:

1993-1995 жылдар ішінде төтенше жағдай проблемаларына байланысты оқулық кино және бейне фильмдер мен мультфильмдердің тақырыптары мен қажетті мөлшерін анықтап, оларға тапсырыс беретін болсын, халықты және басшыларды төтенше жағдайға дайындалуы мен іс-әрекет жасауы жөніндегі тақырып бойынша шет елден қажетті мөлшерде бейне өнімдерін сатып алып, қазақ және орыс тілдеріне аударуды ұйымдастырсын;

1993 жылдың ішінде халық пен барлық деңгейдегі басшылардың төтенше жағдайларда нақты іс-әрекет жасауын пысықтауға бағытталған жаттығуларды дайындау мен өткізудің бірыңғай әдістемесін жасасын;

3 айлық мерзімде төтенше жағдайлардың алдын алу мен сондай жағдайларда және азаматтық қорғаныста іс-қимыл жасаудың республикалық жүйесінің оқу-тәжірибелік кешенін құру жөніндегі қаулының жобасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін:

халықтың төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауын пысықтау үшін әр тоқсан сайын жергілікті жағдайды ескере отырып сейсможаттығулар мен басқа да жаттығуларды ұйымдастырып, өткізіп отырсын;

жыл сайын көктем кезінде халықты төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға үйрету аялығын өткізсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы, Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақтың сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет ғылыми-зерттеу және тәжірибе-жобалау институты, "Қазселденқорғау" ӨБ, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы Қазтелерадиохабар тарату компаниясымен, Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігімен, Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп төтенше жағдай проблемасы және сондай жағдайда іс-әрекет жасау жөнінде телерадиохабарлар, баспасөз орындарына мақала беру,

кітапша, есбелгі, плакат, оқу құралдарын шығару жоспарларын жасап, ұдайы (кемінде айына бір рет) теле-радиохабар, баспасөз органдарында мақалалар жариялады ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Ғылым және жаңа технология министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақтың сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет ғылыми-зерттеу және тәжірибе-жобалау институтының қатысуымен 1993-1994 жылдар ішінде сейсмикаға төзімді құрылыс және аз қабатты жеке тұрғын үйлердің сейсмикаға төзімділігін арттыру жөніндегі үлгі жобалық шешімдер жинағын, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде қалпына келтіру жұмысын жүргізудегі техникалық ұсыныстарын әзірлеп шығарсын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Азаматтық қорғаныс штабы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қатысуымен 1993-1996 жылдар ішінде халықты және мамандарды төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға дайындау мен үйрету мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырсын.

7. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының бастығы:

жұмыс істемейтін халықты тұрғылықты жерлерінде төтенше жағдайларда іс-әрекет жасауға үйрету және жаттығулар өткізілуін ұйымдастыруды тікелей өзі бақылауына алысын;

1993 жыл мен 1994 жылдың бірінші тоқсаны ішінде азаматтық қорғаныс облыстық курстарының негізінде төтенше жағдайларға және азаматтық қорғанысқа дайындау орталықтарын құрсын.

8. Республикалық азаматтық қорғаныс курстарын төтенше жағдайларға және азаматтық қорғанысқа дайындаудың республикалық орталығы етіп қайта құрып, оған жоғары оқу орны мәртебесі берілсін, Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы бір айлық мерзімде Республикалық және облыстық орталықтар туралы Ереженің жобасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін.

9. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі төтенше жағдай және азаматтық қорғаныс бағытындағы офицерлер кадрын шет елдердің әскери оқу орындарында да даярлауды жүзеге асырсын.

10. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабының, төтенше жағдайларда іс-әрекет жасауға және азаматтық қорғанысқа дайындаудың облыстық орталықтарының, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ғылым академиясының, оқу орындары бар

министрліктер мен ведомстволардың негізгі жұмыс бағыттарын дамытуға арналған қаржы көлемінде халықты және мамандарды төтенше жағдайлардың алдын алуға және сондай жағдайларда іс-әрекет жасауға үйрету жүйесін құру жөніндегі шараларды өткізуге қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК